

Ақжайық ауданы бойынша 2019 жылға жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 10 сәуірдегі № 71 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 11 сәуірде № 5621 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 7 сәуірдегі № 72 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы әкімдігінің 07.04.2020 № 72 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Қылмыстық–атқару Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңдарына және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 26 мамырдағы №412 "Ата–анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата–анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13898 тіркелген) сәйкес, Ақжайық ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақжайық ауданы бойынша ұйымдық–құқықтық нысанына және меншік нысанына қарамастан ұйымдар үшін ұйымның жұмыскерлерінің тізімдік санынан келесідей мөлшерлерде жұмыс орындарына квота белгіленсін:

осы қаулының 1 қосымшасына сәйкес ата–анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін Ақжайық ауданы бойынша ұйымдарда жұмыскерлердің жалпы тізімдік санынан бір пайыз мөлшерінде;

осы қаулының 2 қосымшасына сәйкес бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін Ақжайық ауданы бойынша ұйымдарда жұмыскерлердің жалпы тізімдік санынан екі пайыз мөлшерінде;

осы қаулының 3 қосымшасына сәйкес Ақжайық ауданының пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін Ақжайық ауданы бойынша ұйымдарда жұмыскерлердің жалпы тізімдік санынан екі пайыз мөлшерінде.

2. Ақжайық ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 16 тамыздағы №293 "Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4545 тіркелген, 2016 жылы 16 қыркүйекте Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Ақжайық ауданы әкімі аппаратының басшысы (Е.Умитов) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Т.Шиниязовқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақжайық ауданы әкімдігінің
2019 жылғы 10 сәуірдегі
№ 71 қаулысына
1 қосымша

2019 жылға ата – анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата – анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындары квотасы белгіленетін ұйымдардың тізімі

№	Ұйымдардың атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны (адам)	Квотаның мөлшері (% жұмыскерлердің тізімдік санынан)	Белгіленген квотаға сәйкес жұмыс орындарының саны (бірлік)
1	Батыс Қазақстан облысының Ақжайық ауданының білім бөлімінің "Бітік мектеп-бөбекжай" кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	101	1	1

2	"Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы Білім бөлімінің Мерген орта жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	92	1	1
БАРЛЫҒЫ		193		2

Ақжайық ауданы әкімдігінің
2019 жылғы 10 сәуірдегі
№ 71 қаулысына
2 қосымша

2019 жылға бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін жұмыс орындары квотасы белгіленетін ұйымдардың тізімі

№	Ұйымдардың атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны (адам)	Квотаның мөлшері (% жұмыскерлердің тізімдік санынан)	Белгіленген квотаға сәйкес жұмыс орындарының саны (бірлік)
1	Ақжайық ауданы әкімдігінің "Жайықтехсервис" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	118	2	2
2	"Ақжайық ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Ақжайық аудандық мәдени-демалыс орталығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	318	2	6
3	"Ақжайық ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Балалар – жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	64	2	1
БАРЛЫҒЫ		500		9

Ақжайық ауданы әкімдігінің
2019 жылғы 10 сәуірдегі
№ 71 қаулысына
3 қосымша

2019 жылға пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін жұмыс орындары квотасы белгіленетін ұйымдардың тізімі

№	Ұйымдардың атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны (адам)	Квотаның мөлшері (% жұмыскерлердің тізімдік санынан)	Белгіленген квотаға сәйкес жұмыс орындарының саны (бірлік)
1	"Чапаев ауылындағы орталықтандырылған кітапханалар жүйесі" мемлекеттік мекемесі	116	2	2
2	"Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі	36	2	1

3	"Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы Чапаев ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі	35	2	1
	БАРЛЫҒЫ	187		4

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК